

ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ  
ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ  
ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY

FTAХР 03.61.91

**«ЖЕТИАТАЛЫҚ» ЭКЗОГАМИЯЛЫҚ БІРЛЕСТІКТІҢ  
РУЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМ ЕКЕНДІГІНІҢ ТАРИХИ-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ  
ЖӘНЕ ЛОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ**

**Әлімбай Нұрсан**

тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы  
Орталық мемлекеттік музейінің директоры  
Алматы қ., Қазақстан. E-mail: csmrk1986@mail.ru

**Түйіндеме.** Дәстүрлі қазақы ортадағы жетіаталық экзогамиялық бірлестіктің рулық ұйым ретіндегі институционалдық табиғатын оның төмендегідей құрылымдық және функционалдық ілкімді белгі-принциптерге сүйене отырып дәйектеуге болады: 1) көшпелілердің туған руының генеалогиялық деңгейіндегі өзіндік сана-сезімін айқындайтын һәм айғақтайтын рулық территория мен олардың рулық бірлестік ретіндегі өзіндік атауы – микро-эндоэтнонимнің (эпоним) болуы; 2) «жетіатаның» ұйымдық жағынан да, функционалдық тұрғыдан да құрамдас компоненті болып табылатын «біраталардың» тіршілікқамы жүйесінің негізгі субъектілері ретінде сан салалы функция атқаруы; 3) «жетіатаның» генеалогиялық желісі ауқымында неке қатынасына тыйым салудың экзогамиялық принципі; 4) аталған экзогамиялық принцип «жетіатаның» демографиялық шегін айқындауға һәм айғақтауға қызмет етті; 5) «жетіата» тиісті тіршілікқамы жүйесінің қалыпты функция атқаруына қажетті адамдар ресурсы болды. Сонымен бірге «жетіатаның» аталған ілкімді құрылымдық және функционалдық белгі-принциптері, сайып келгенде, бұл құрылымның қауым-социум ретінде де функция атқарғандығын айғақтайды.

**Кілт сөздер:** жетіаталық экзогамиялық құрылым, «жетіата», экзогамия, ру, «бірата», патрилиниялық топ, үлкен отбасылық қауым.

МРНТИ 03.61.91

**СЕМИПОКОЛЕННАЯ ЭКЗОГАМНАЯ ОБЩНОСТЬ «ЖЕТИАТА»  
КАК РОДОВАЯ ОРГАНИЗАЦИЯ У КАЗАХОВ-КОЧЕВНИКОВ**

**Алимбай Нұрсан**

кандидат исторических наук, директор Центрального государственного  
музея Республики Казахстан, г. Алматы, Казахстан. E-mail: csmrk1986@mail.ru

**Аннотация.** Автор статьи на основе изучения следующих системообразующих признаков так называемой семипоколенной экзогамной общности «жетіата» идентифицирует эту структуру как родовую организацию: 1) наличие родовой территории и персонафицированного микроэтнонима-самоназвания (эпонима), что свидетельствует об актуальном функционировании территориально и генеалогически локализованного самосознания членов рода; 2) функционирование структурообразующих компонентов рода – большесемейных групп «бірата» в качестве основных субъектов жизнеобеспечивающей системы «жетіата»; 3) экзогамный принцип запрета брачных отношений внутри «жетіата»; 4) указанный экзогамный принцип послужил установлению демографических пределов «жетіата». Такое отграничение «жетіата» от других «жетіата» этим самым экзогамным барьером означает и определение социальных границ этих же структур; 5) «жетіата» обладала всеми необходимыми людскими ресурсами для организации и функционирования соответствующей жизнеобеспечивающей системы. Сказанное объясняет, почему в условиях казахского номадизма «жетіата» функционировал и в качестве общины-социума.

**Ключевые слова:** семипоколенная экзогамная структура, «жетіата», экзогамия, род, «бірата», патрилинейная группа, большесемейная общность.

**SEVEN-GENERATION EXOGAMOUS COMMUNITY OF «ZHETIATA»  
AS A CLAN ORGANIZATION OF THE KAZAKH-NOMADS****Alimbay Nursan**

Candidate of historical sciences, director at Central State Museum of the Republic of Kazakhstan. Almaty, Kazakhstan. E-mail: csmrk1986@mail.ru

**Annotation.** Based on the study of the following system-forming features of the so-called seven-generational exogamous community “zhetiata”, the author identifies this structure as a clan organization: 1) ancestral territory and self micro-ethnonim, indicating that the current operation of the geographically localized and genealogical identity of the family members; 2) the functioning of the structural components of the clan – big family groups “birata” as the basic entities of subsistence systems of “zhetiata”; 3) the exogamous principle of prohibiting marital relations within the “zhetiata”; 4) the specified exogamous principle served to establish the demographic limits of the “zhetiata”. Such a delimitation of “zhetiata” from other “zhetiata” means and defining social boundaries of these structures; 5) “zhetiata” possessed all the necessary human resources for the organization and functioning of appropriate subsistence systems. This explains why in the conditions of Kazakh nomadism “zhetiata” functioned as a community-society.

**Key words:** seven-generation exogamous structure, “zhetiata”, exogamy, clan”, “birata”, patrilineal group, large-family community.

**Кіріспе.** Қазақ руының зерттелуі қазан төңкерісіне дейінгі ресей тарихнамасынан бастау алады әрі біршама қаузалып келе жатқан тарихи-этнографиялық тақырыптардың қатарына жатады. Десек те әлемдік деңгейдегі әлеуметтік-мәдени антропологияда орныққан рудың классикалық анықтамасы тұрғысынан байырғы қазақ қоғамындағы қандай бірлестік-таксонды нағыз рулық құрылым ретінде бағамдауға болады деген заңды сұраққа отандық тарихнама күні бүгінге дейін жауап бере алмайтындығын амалсыз мойындауға тура келеді. Бұл гәпті дәстүрлі қазақы ортадағы рулық-туыстық қатынастар жүйесінің сан салалы һәм сан деңгейлі ұйыстырушы және реттеуші, әсіресе, институционалдық, тіпті, шаруашылық-экономикалық саладағы тіршіліккамы функцияларының зерттелмегендігімен түсіндіруге болатындай. Аталмыш жүйенің функционалдық табиғатынан отандық тарихнамада жөпшенді де зерделене қоймаған тағы бір іргелі мәселе тікелей туындайды. Әңгіме көшпелі қазақы ортадағы қоғамдық қатынас атаулының негізгі ұйымдық формасы болып табылатын қауым жөнінде болып отыр\*. Өйткені, расында да, қазақтың көшпелі қауымын зерттеушілер тек шаруашылық-экономикалық бірлестік ретінде ғана қарастырады. Сондықтан да болар, бұл ғалымдардың еңбектерінің архитектуроникасы мен бар мазмұны аталмыш шаруашылық-экономикалық детерминистік желіске құрылғандығы айқын аңғарылады (Кауфман, 1908), (Румянцев, 1910), (Шахматов, 1964), (Толыбеков, 1971), (Курылев, 1998), (Масанов, 1995) және т.б.

Шынтуайтында, қауымдық құрылым әлеуметтік қатынастың негізгі ұйымдасу формасы ретінде көшпелілердің ең басты тіршілік кеңістігі болып табылады. Олай болса, жоғарыда айтылғандай, дәстүрлі қазақы ортаның барлық деңгейлері мен салаларында ұйыстырушы һәм реттеуші, тіпті, көп ретте шаруашылық функция атқарған туыстық-рулық жүйеден тыс (ру институтынсыз) аталмыш тіршілік кеңістігінің ежелден орныққан қалыпты құрылымдық һәм функционалдық күйін елестетудің өзі мүмкін емес. Мақаланың мақсаты болып отырған қазақ руының институционалдық табиғаты мен әлеуметтік шекарасы және демографиялық мөлшері мәселелерінің зерделеудің ғылыми-танымдық тағылымы да осында болса керек.

**Методология.** Тақырыпты зерттеуде, ең алдымен, функционалдық тәсілдің қолданылғандығын ерекше екшеп айту қажет. Өйткені кез келген әлеуметтік һәм биологиялық организмнің құрылымдары олардың функциясына байланысты қалыптасатыны белгілі. Ал мұндай құрылымдардың тиімділігі, өз кезегінде, әлгі организмдердің функциясынан айғақталынады. Осы белгілі методологиялық аксиоматикаға сәйкес, жетіталық бірлестік функционалдық тәсілмен зерделенді. Осындай зерделеудің нәтижесінде жетіталық бірлестіктің сан салалы, сан деңгейлі функциясын қамтамасыз

етіп отыратын оның құрамдас компоненттері бір аталар екендігін анықтаудың сәті түсті. Яғни бір аталардың көшпелі қазақы ортадағы (жетіаталық ру кеңістігіндегі) материалдық және материалдық емес игілік атаулының тікелей корпоративтік өндіргіш күштер екендігі тарихи-этнографиялық және логикалық тұрғыдан негізделінді.

Әлбетте аталмыш бірәталар өздерінің шаруашылық-экономикалық, мәдени-ғұрыптық, институционалдық, тұрмыстық тіршілікқамы функциясын өзара байланыстың арқасында ғана жүзеге асырып отырды. Осыған орай құрылымдық тәсіл де қолданылды. Бірақ бұл тәсілді функционалдық тәсілмен өзара толықтыру принципі бойынша, бірге қолданудың қажеттілігі туындады. Өйткені бірата аралық байланыстар, түптеп келгенде, жетіатаның құрылымы әрі осы жүйенің қалыпты функциясын қамтамасыз ететін негізгі механизм болып табылады (Всемирная энциклопедия. Философия, 2001: 1027). Мақаланың деректік негізі һәм негіздемесі ретінде, ең алдымен, «Материалы по киргизскому землепользованию» атты он үш томдық жинақтың мәліметтері, әсіресе, біраталық құрылымдардың өзара байланыстарын және шаруашылық функциясын зерделеу барысында пайдаланылды. Сондай-ақ қазақтың ауызша тарихнамасының негізін салушы Мөшһүр-Жүсіп Көпейұлының еңбектеріндегі шежірелік мәліметтердің жетіатаның және оның құрамдас компоненттері – бірәталардың генеалогиялық тәсілмен ұйымдасу табиғатын зерделеудегі танымдық тағылымы айрықша болды.

**Талқылау.** Қарастырылып отырған мәселенің, әсіресе теориялық-методологиялық һәм тарихнамалық аспектілері отандық зерттеушілер тарапынан қаузалмаса да, совет және қазіргі кезеңдегі ресей ғалымдары біраз зерделеді (Крюков, 1967: 83–95) (Першиц, 1978: 142–156) (Коротаяев, Оболонков, 1990: 3–52; және т.б.). Осыған байланысты тақырыптың отандық тарихнамада қарастырылуы мәселесіне шолу жасалық. Шынтуайтында, қазақ руы тарихнамада ең көп зерттелсе де, бар қыр-сырын «бермей» отырған жұмбақ күйдегі тақырыптардың бірегейі десе де болады. Расында да, арнайы зерттегендерді былай қойғанның өзінде, қазақтың тарихи этнографиясының кез-келген іргелі тақырыбына қалам тартқан зерттеушілердің қайсысы болсын ру-тайпа мәселесіне «бір соқпай» кеткен емес. Бірақ, осы кезеңге дейін басылып шыққан он сан деуге боларлық алуан түрлі һәм алуан деңгейлі зерттеулерде рудың ғылыми негізделген толықмәнді анықтамасы жоқ. А.И. Левшиннің әйгілі «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» (1832) атты еңбегінен бастап, осы тақырыпты совет дәуірінде арнайы дендеп зерттеген, сөз жоқ, білікті де, бірегей ғалым М.С. Мұқановтың зерттеулерінен де қазақ руының болмыс-бітімі жөнінде дәйекті жүйеленген түсінік алу мүмкін еместігін амалсыз мойындауға тура келеді (Мұқанов, 1974) (Востров, Муканов, 1968; және т.б.).

Тіпті, көшпелі қазақ қоғамында рудың мүлдем болмағандығын «ғылыми негіздеген» зерттеулер де пайда болды. Көшпелі қазақ қоғамының белгілі зерттеушісі Н.Э.Масановтың дәйегінше, қазақтардың «...табиғатында ру деген жоқ және ешқашан болған емес, алайда, кейбір халықтарда туысқандықтың генеалогиялық жіктеуі (орысшасында «генеалогический счет родства») болды». Себебі, «рулық зиратта» барлық көшпелілерде күйеуінің жанында оның әпкесі немесе қарындасы емес, мүлдем басқа генеалогиялық линияның өкілі болып табылатын әйелі жерленіп отырды ...» (Масанов, 1995: 132). Яғни, зерттеушінің қисыны бойынша, ру болуы үшін аталмыш рулық зиратта ер адамның жанына оның әйелі емес, қарындасы мен әпкесі жерленуі керек болып шықты. Алайда автордың бұл пікірі жаңалық емес. Мұндай ой-тұжырым Ресейдің белгілі зерттеушісі В.Р.Кабоның еңбегінде де айтылған еді (Кабо, 1986: 10–15).

Қазақ этнологиясындағы осындай және осы құралыптас кемшін мәселелердің гәбін кезінде советтік қоғамдық ғылымда үстемдік құрған материалистік монизмнің логикасымен түсіндіруге болады. Нәтижесінде қазақтың дәстүрлі қоғамындағы рулық жүйе де көшпелі шаруашылық-экономикалық құрылымның қондырғысы ретінде ғана зерттелгендіктен оның шынайы институционалдық-социумдық парқы мен сан алуан ұйымдастырушы және реттеуші функциясы мүлдем ашылмады.

Шетелдік зерттеушілер аталмыш тақырып мүлдем қарастырылмады десе де болады. Тек Лоуренс Крайдердің еңбегінде бірәтаның (автордың терминологиясы бойынша, «клан») институционалдық функциясы шолу түрінде қарастырылып өтеді (Krader, 1963).

**Нәтиже.** Ең алдымен ру ұғымының дәстүрлі қолданыстық ерекшелігі жөнінде бірер сөз. Сан алуан тарихи және тарихи-этнографиялық материалдар ру *жүзден* және *жетіаталық* экзогамиялық құрылымдағы (әрі қарай жетіаталық құрылым) екінші, үшінші, тіпті, төртінші атадан да тараған *бірәтаның балалары* (немесе ата балалары) деген атаумен

белгілі патрилиниялық (патрилокалдық немесе агнаттық) бірлестіктен басқа таксондардың ортақ атауы болғандығын көрсетеді.

Осы ретте ерекше екшеп айтар көрнекі жайт – қазан төңкерісіне дейінгі қазақ халқының тарихы, этнографиясы, соның ішінде, әсіресе этникалық құрамы туралы орыс ғалымдарының зерттеулерінде ең жиі қолданылған термин ру екендігі назар аударарды. Ал қазақ көшпелілеріне арналған орыс тарихнамасының аса көрнекті өкілдері А.И. Левшиннің, Н.А. Аристовтың, Н.И. Гродековтың еңбектерінде керісінше қазақ халқының этникалық құрылымындағы жүзден кейінгі ірі таксондарға (мысалы, албан, суан, арғын, адай, беріш, жалайыр, қыпшақ және т.б.) қатысты пайдалануы тиіс *тайпа* термині мүлдем кездеспейді. Отандық этнологияда мүлдем зерттелмеген бұл жайтты қазақ этносы құрылымының көп сатылы иерархиялық сипатымен және сегментарлық күрделілігімен түсіндіруге болады.

Сонымен ру – дәстүрлі қазақы ортада этностың негізгі құрылымдық бірліктеріне қатысты қолданылған әмбебап ұғым. 1969 ж. жарық көрген «*Древнетюркский словарь*» атты еңбекте **уруу** сөзінің этимологиясы берілген. Семантикалық өрісі ауқымды бұл сөздің қарастырылып отырған мәселенің қисынына байланысты ерекше ден қоярлық бір мағынасы руды және ұрпақ ұғымын білдіреді (Древнетюркский словарь, 1969: 615). Э.В. Севортян өзінің «*Этимологический словарь тюркских языков*» атты әйгілі еңбегінде Г.Вамбери, В. Банг, М. Рэсэнен, З.Гомбоц сынды әлемдік тюркологияның аса көрнекті өкілдерінің **уруу** сөз тұлғасының семантикалық эволюциясына жүргізген зерттеулерінің нәтижесіне ерекше тоқталады (Севортян, 1974: 604-606). Бұл зерттеулер нәтижесінің және жоғарыда аталған екі сөздік пен басқа түркі тілдерінің сөздіктеріндегі тиісті материалдың қисыны **уруу** сөзі қазақ тіліндегі ру сөзінің де семантикалық-лексикалық әрі фонетикалық бастауы екендігін айғақтайды (осы ретте көрнекті шығыстанушы-ғалым И.М.Дьяконовтың материалына қарағанда, ежелгі шумерлерде де **uru** сөзі *ру* немесе *қауымды* білдіретіндігі ерекше назар аударарды (Дьяконов, 1983: 16-34).

**Жетіталық экзогамиялық құрылым – ру.** Ру термині қазақ этносы құрамының жоғарыда көрсетілген таксондарына қатысты қолданыла бергенімен, өзінің құрылымдық және функционалдық мәнді белгілері жағынан *жетіталық* экзогамиялық бірлестік қана ру деп аталуға лайық екендігін төмендегідей аргументтермен негіздеуге болады:

– біріншіден, *жетіата* бір тек атадан (немесе түп ата) әкелік желіспен тараған қандас туыс ұрпақтардың бірлестігі, яғни патронимиялық құрылым;

– екіншіден, оның мүшелерін ментальдық тұрғыдан да ру ретінде ұйыстыратын өзіндік *рулық* санасы болды. Рулық шежіре *рулық* сананың идеологиялық және «тарихнамалық» негіздемесі функциясын атқарды. Ал сан деңгейлі, сан салалы *рулық-туыстық* байланыстың ілкімді нормалары мен принциптері ру менталитетінің тұтастығын қамтамасыз еткен аталмыш сананың институционалдық негізі болды. «*Жетіатасын білмеген – жетесіз*», – деген ана тілімізде сақталған тұрақты сөз орамы әрбір ру мүшесіне *рулық-туыстық* құндылықтарды, олардың нормалары мен принциптерін қатаң ұстану қажеттілігін ескертпе-қағидасы іспеттес. Аталмыш сөз орамы, «*у ішсең руыңмен*» және осы мәндес басқа да мақал немесе мәтелдер көшпелі ортадағы *рулық* сана-сезімнің басты ерекшелігін әрі белгісін айғақтайтын паремологиялық формулалар болып табылады;

– үшіншіден, *рулық шежіре*, жоғарыда айтылғандай, ру мүшелерін *рулық-туыстық* байланыстың нормалары, принциптері, ұстанымдары негізінде ұйыстыратын аса қауқарлы идеологиялық және тарихнамалық функция атқарды. *Рулық шежіренің* архитектуроникасы әдетте ру территориясының ата-бабадан жалғасқан ұлы мирас екендігі, ру мүшелерінің *біратадан* тараған қандас туыстығы, ру тарихы айбарлы батырлар мен «*от ауызды, орақ тілді*» әйгілі шешен билердің жасампаз істеріне толы шежіре екендігі сынды психологиялық әсері қуатты сюжеттерге негізделді. Сонымен бірге *рулық шежіренің жетіатаның* ішінде қыз алысып, қыз берісуге қатаң тыйым салуды білдіретін белгілі қағидасы іс жүзінде әрбір рудың әлеуметтік шекарасы мен демографиялық шегін айғақтаудың әрі айқындаудың аса пәрменді идеологиялық құралы да болды;

– төртіншіден, *жетіата* – экзогамиялық құрылым. Яғни рудағы *туыстық* байланыстың негізгі жүйе құрушы өзекті нормасы іспеттес «әкелік» желіс *жетіатаға* дейін қыз алысып, қыз берісуге қатаң тыйымды білдіретін ұстанымға негізделеді. Жоғарыда айтылғандай, *рулық шежірелік* жосынмен негізделген бұл ұстаным көшпелі ортада бір рудың ішінде ғана емес, тіпті бүкіл *руаралық* байланысты реттейтін экзогамиялық отбасылық-некелік қатынастың орнығуына алып келді. Жоғарыда атап көрсетілгендей,

егер *рулық шежіре* әрбір рудың әлеуметтік шекарасы мен демографиялық шегін айқындаудың идеологиялық негіздемесі болса, осы идеологияға негізделген аталмыш отбасылық-некелік қатынас рудың әлгі әлеуметтік шекарасы мен демографиялық мөлшерін сақтап отырудың институционалдық механизмі функциясын атқарды;

– бесіншіден, әрбір *жетіатаның* сан ғасырлар бойы атадан балаға жалғасқан өз территориясы болды. Рулық территорияның *атамекен, атақоныс* немесе *туған жер* деп аталуы ру адамының және оның руластарының ортақ мекен-жерін көшпелілер тіршілігінің табиғи кеңістік ретінде айрықша қастер тұтқандығын айғақтайды.

Расында да, кез келген көшпелі жанның қоршаған табиғи ортамен біте қайнасып, өзара кірігіп кеткендіктері соншалықты, ол осы органы өзінің бар болмысының табиғи күйі, ал өзін осы ортаның, туған жердің ажырамас бөлшегі деп санады (туған жер ұғымы, көшпелілердің дүниетанымы тұрғысынан, қоршаған табиғи ортаның синонимі болып табылады). Өйткені, көшпелілердің көзқарасы бойынша, туған жер мен ол, оның отбасы, руластары, ру (социум) – Жасаған-Иенің құдіретімен қалыптасқан біртұтас жаратылыс. Және бұл тұтастық сонау атам заманнан, яғни, ата-бабалардың *«қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманынан»* бастау алады (*«қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман»*), көшпелілердің уақыт пен кеңістік жөніндегі концепциясы бойынша, адам баласының қиялы да жетпейтін ата-баба *«мамыражайтоқ тіршілік»* кешкен ең көне уақыт. Бірақ, осы ретте ерекше екшеп айтар гәп – мұндай уақыт кеңістік түріндегі уақыт болып табылады. Көшпелі ортада уақыт пен кеңістіктің осындай «хронотопқа ұшыраған» күйін социумның әуелгі тарихи-табиғи болмыс-бітімінің тарихи үдеріс барысында үнемі қайталанып отыратын циклдік сипатымен түсіндіруге болады). Көшпелі жанның туған ортамен – туған жермен біте қайнасқан байланысының бар философиясы *«кір жуып, кіндік қан тамған жер»* деген әйгілі сөз орамында жатыр. Мұндағы *«кір жуып»* дегені ата-бабаның, рудың, оның өзінің ащы тер төгіп, бейнетпен де, *«ақ білектің күші, найзаның ұшымен»* де Жасаған-иеден әуелден еншілеген жер дегенді, ал *«кіндік қан тамған жер»* – оның ата-бабасынан бастап, бүкіл үрім-бұтағының туып өскен жері дегенді білдірсе керек. Кез келген көшпелінің өзінің туған жермен біте қайнасқан байланысын, ең алдымен, аталмыш формула-фразеологизммен түсіндіргендігі сондықтан (осы ретте марқұм Н.Э. Масановтың төменде келтіріліп отырған пікірінің тарихи ақиқатқа мүлдем қайшы екендігін ерекше айтқан жөн: «Для кочевников практически не существовало понятия территории, реальностью для них было пастбище» (Масанов, 1995: 151).

Көшпелі ортада адам-отбасы-социум (ру-қауым) мен табиғи ортаның (жер) біртұтастығының негізі – әлбетте, осы ортамен тікелей қатынаста болған көшпелі әлеуметтік-экономикалық жүйе. Бұл біртұтастықтың табиғатын арктиканың этноэкологиясын зерттеудің ерекше озық үлгісін көрсеткен ресей этнологы И.И. Крупник қолданған «этноэкожүйе» категориясымен білдіруге әбден болады (Крупник, 1989). Мұндай біртұтастық *ата-баба зираты*, ерекше қасиетті саналған *өзен, көл, бұлақ, тау, жазық дала, қырат* сияқты аса көрнекі антропогендік және табиғи объектілерден тұратын мнемоникалық кешен арқылы да, осы кешенге жан бітіруші *туған жер, ауыл, ру, айтулы әулет, даңқты батырлар* мен *билер* туралы миф, аңыз, ертегі, жыр-дастан түріндегі сан алуан шежірелер арқылы да қамтамасыз етіліп отырылды. Бірақ, бұл мнемоникалық кешен мен оның информациялық өрісі, әрі мәтіні іспеттес аталмыш *шежірелерді* көшпелі тіршіліктің шаруашылық-экономикалық және экологиялық ұстанымдарын танытар объектілер ретінде ғана қарастыру тым жеткіліксіз. Шынтуайтында, аталмыш кешен мен оны ерекше жандандырып тұрған әлгі информациялық өріс (әрі мәтін), ең алдымен, көшпелілердің өздерінің табиғи (тарихи да) болмыс-бітімімен күнделікті «көрісіп», «табысып» отырған кешен болды. Бұл кешеннің, Ю.М. Лотман айрықша атап көрсеткендей, жазу-сызуы жоқ көшпелілер үшін аса қажетті айтулы оқиғаларды, сан алуан фактілерді есте сақтаудың формасы, тіпті ілкімді механизмі болғандығы сондықтан (Лотман, 1987). Сонымен бірге, біздің ойымызша, осы мнемоникалық кешен өзінің жоғарыда аталған информациялық өрісі (әрі мәтіні) арқылы әлгі айтылған оқиғаларды, жайттар мен фактілерді ұрпақтан ұрпаққа беріп отырудың да тек көшпелілерге ғана тән өзіндік механизмі функциясын да атқарды. Осы себепті көшпелілер аталмыш табиғи және антропогендік объектілерді, осы арқылы қоршаған табиғи ортаны көшпелі тіршіліктің табиғи кеңістігі ретінде ғана емес, ең алдымен, өздерінің, жоғарыда айтылғандай, болмыс-бітімінің табиғи күйі деп есептегендіктен айырықша қастер тұтты. *«Көк шөпті жұлға болмайды», «суға дәрет*

сындырма», «жерді жаралама», «тірі нәрсені бейсауат өлтіруге болмайды» деген сияқты және осы мазмұндас басқа да сан алуан ырым-тыйымдар көшпелі этноэкожүйедегі социум мен табиғи ортаның арасындағы үйлесімдікті қамтамасыз етудің ілкімді қағидалары болды. Мұндай ырым-тыйымдарды көшпелілердің экологиялық мәнді этикалық концепциясының, осы арқылы жоғарыда айтылған табиғи гуманизмнің парқының да халықтық түсіндірмесі ретінде де қарастырған ләзім.

**Жетіаталық экзогамиялық бірлестік – рудың құрылымдық сипаттамасы және демографиялық мөлшері.** Жетіаталық рулық жүйенің құрамдас компоненттері – біраталардың көшпелі қоғамдағы материалдық және рухани игілік атаулыны өндіретін негізгі корпоративтік субъектілер ретінде функция атқаруы және осы құрылымдағы адамдар ресурсының жеткілікті мөлшері бұл бірлестіктің ру әрі қауым-социум ретіндегі институционалдық табиғатын айғақтайды. Қарастырылып отырған мәселеге кіріспес бұрын ең алдымен көшпелі қазақы ортадағы тек тарату деп аталатын ежелден орныққан жосынға тоқталып өтелік. Бұл жосынның бұрынғы қазақ тіршілігіндегі реттеуші және әлеуметтік-психологиялық әсерінің айрықша әлеуеттілігі хәм символикалық маңызы тұрғысынан оны институционалдық жайт ретінде де бағамдау жөн сияқты. Дәстүрлі қазақы ортада «жеті атасын білмеген жетесіз» деген императивтік райдағы қағида бойынша «ат жалын тартып мінер» жастағы әрбір ер адам аталмыш жосынды атқарудың ежелгі «есеп-қисабын» жетік білуге тиіс болды және солай болды да (осы ретте «жете» сөзінің «тек», «арғы ата баба», адамның тумысы, жаратылысы мағынасында қолданылатындығы ерекше назар аударарды (Кенесбаев, 1977: 202), (Қазақ әдеби тілінің сөздігі, VI т., 2011: 383-384).

Бірақ, шынтуайтында тек таратуды, әдетте, «мал-жаны» бар әрбір отағасы өзінен бастап жүргізетін. Ал жас балалары болса, алдына мал салып, жеке отау құрғанға дейін тек таратудың «есебіне» кірмейтін. Осыған байланысты, жоғарыда айтылғандай, олардың әкесі жетіаталық желістегі жас ұрпақ өрбітіп отырған «аяққы» генеалогиялық буын ретінде тек таратуды өзінен бастайтын. Демек, жетіаталық генеалогиялық «вертикалды» есептеу желісіндегі әлгі «аяққы» буын бірінші ата болып есептелінеді. Сонымен бірге осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – аталмыш вертикалды тек тарату жөн-жосығы жетіатаның әкелік желісі бойынша тараған әрбір мүшесінің несінші атадан туыс болып есептелетіндігін анықтаудың негізі хәм негіздемесі болды. Басқаша айтқанда, әлгі есептеушінің өзінен басталатын осындай патрилиниялық вертикалды генеалогиялық желістегі ата-буындардың әрқайсысынан қосылатын руластарының алысты-жақыны туыстығы анықталатын. Мұндай шежірелік «есеп-қисаптың» жетіаталық құрылым кеңістігіндегі туыстық байланыстарды реттеп отырудағы рөлі өз алдына, оның қора-қопсы салу, қырқым, көш-қон сияқты күрделі еңбек операцияларын да, тіршілік цикліне байланысты атқарылатын сан алуан ғұрыптық іс-шараларды (сәбидің дүниеге келуі, келің түсіру, қыз ұзату, өлік жөнелту және т.б.) ұйымдастыру ісінде де айрықша маңызы болды. Тек таратудың осы түрінің (әдісінің) прагматикалық мәнді болып келетіндігі сондықтан. Құнделікті шаруашылық hareketтің қамымен жүрген малсақ көшпелілер үшін жоғарыда айтылған тек таратудың «прагматикалық-практикалық» мәнді бірінші түрінің көбірек қолданыста болғандығы сондықтан болса керек.

Сонымен бірге тек таратудың тағы бір нұсқасы бойынша, жоғарыда айтылған патрилиниялық вертикалды желістегі ата-буындар ретін «есептеуші» адам жетінші – түп атадан, тіпті одан да генеалогиялық қашықтықтағы ата-бабалардан өзіне дейін жүргізетін. Мұндай генеалогиялық ата-буындардың реттік желісінде әлгі «есеп» жүргізуші отағасы жоғарыда айтылған тек таратудың алғашқы түріндегідей бірінші ата-буын емес, енді «аяққы» – жетінші ата-буынға «айналады». Бірақ бұл ата-буынның реттік саны өзгергенімен бәрібір аталмыш жетіаталық генеалогиялық желістің қайырмасы іспеттес «аяққы» ата-буын есебінде жүреді.

Алайда тек таратудың осы түрінің дәстүрлі қазақы ортада прагматикалық-практикалық мәнінен гөрі атақ-абырой әкелетін символикалық жағы әлдеқайда маңызды болғандығы аңғарылады. Өйткені ата-бабалардың жоғарыдан төмен тарайтын генеалогиялық ретіндегі «сөз ұстаған» әйгілі би, мал-мүлкі қисапсыз бай-бағлан немесе жау түсірген батыр сынды тұлғадан шыққан жан, әсіресе ер адам көшпелі ортада «тектіден шыққан», «тегіне тартқан» хәм «тектіден қалған тұяқ» деген экзистенциалдық мәнді шежірелік идеология бойынша, тумысынан жоғарғы құрметке ие болатын. Тек таратудың осындай символикалық мәнді тәсілі, әсіресе, жалпы этностық, жүздік, ру-

тайпалық, рулық деңгейлердегі шежірелер архитектурасының идеологиялық негізі һәм негіздемесі болды. Мұндай шежірелерде этностың (үш жүздің) немесе жүздің арғы тек аталары ретінде Алаш, Қазақ, Үйсін, Алшын, Арғын сынды тарихта жасаған деп есептелінетін артықша туған тұлғалардың, тіпті, Шыңғысхан сияқты бүкіл көшпелілер әлемі ардақ тұтқан ұлы ханның айрықша дәріптелетіндігі сондықтан болса керек (Мәшһүр Жүсіп Көпеев, 2013, 8, 10-т.).

Осы ретте аталмыш тек таратудың осы тәсілінің ғылыми зерттеу үшін де, әсіресе, аса маңызды жетіаталық құрылымның демографиялық мөлшерін анықтау ісінде де практикалық көмегінің өлшеусіз болғандығын ерекше екшеп айтқан жөн. Осы ретте аталмыш тәсілді тиімді қолдануда шешуші маңызы бар төмендегі үш факторды қатаң ескерудің қажеттілігі туындайды. Біріншісі – жетіатаның құрылымының экзогамиялық бірлестік ретіндегі демографиялық оптимумы (шегі) мен әлеуметтік шекарасы жетіата-буындарымен «тұйықталатындығы». Екіншісі – демография ғылымындағы аксиома-қағида бойынша, халықтың өсімін ұдайы қамтамасыз етіп отыру үшін әрбір отбасының құрамы кем дегенде бес адам (әке-шеше, үш бала) болуы қажет екендігі (Демографический энциклопедический словарь, 1985: 395-400), (Курс демографии, 1974). Үшіншісі – көшпелі ортада бір әкеден туған үш отағасының отбасыларынан тұратын бірата деп аталатын патрилиниялық бірлестіктің ғана шаруашылық-мәдени харекеттің бірден-бір корпоративтік субъектісі болғандығы. Сөйтіп, аталмыш үш факторды негізге ала отырып, осы тәсіл (тек таратудың екінші тәсілі бойынша) арқылы жетіаталық экзогамиялық бірлестік мүшелерінің жалпы саны шамамен 4131 адамды құрайтындығын анықтаудың сәті түсті. Осы сандық мөлшердің «есеп-қисабын» төмендегідей таратып, негіздеуге болады.

Жоғарыда айтылғандай, әрбір отбасы әке мен шеше және үш ұл баладан тұрады деп санағанда, *бірінші түп атадан* тараған отағасылары емшектес отбасылары мүшелерінің құрамы 6 ерлі-зайыптылардан, 9 баладан және қарт әке шешеден, яғни барлығы 17 жаннан тұрады.

Екінші атадан – 9 отбасы тарайды. Олардың мүшелерінің жалпы саны 51. Соның ішінде: 18 ерлі-зайыптылар, 27 бала және отағасылары емшектес болып келетін әрбір 3 отбасының қарт әке шешелерін бірге есептегенде 6 адам.

Үшінші атадан 9 біратаға ұйымдасқан 27 отбасының құрамы барлығы 153 адамнан тұрады. Соның ішінде 54 – ерлі-зайыптылар, 81 бала және 18 қарт әке шеше.


Төртінші атадан 27 біратаға ұйымдасқан 81 отбасы тарайды. Соның ішінде 162 ерлі-зайыптылар, 243 бала және 54 қарт әке шеше. Яғни аталмыш отбасылар мүшелерінің жалпы саны 459 жанды құрайды.

Бесінші атадан 81 біратаға біріккен 243 отбасы тарайды. Соның ішінде ерлі-зайыптылар 486 адам, 729 бала және 162 қарт әке шеше. Барлығы 1377 жан.

Алтыншы атадан 729 отбасы тарайды. Олар шаруашылық-экономикалық һәм мәдени-рухани қажеттілікке байланысты 243 біратаға ұйымдасады. Соның ішінде 1458 – ерлі-зайыптылар, 2187 – бала және 486 – қарт әке шеше. Барлығы 4131 адам. Осы ретте ерекше ескерер жайт – тек таратудың қарастырылып отырған екінші тәсілі бойынша, алтыншы атадан тараған аталмыш 729 отбасының отағасылары жетіаталық генеалогиялық желістің ретінде, жоғарыда айтылғандай, «аяққы» жетінші ата-буын есебінде жүреді. Дәстүрлі шежіре тарату жөн-жосығы бойынша, аталмыш экзогамиялық жүйе *тек атадан* (немесе *түп ата*) бастап жеті буын ұрпақтардың бәрін қамтығанымен іс жүзінде көшпелі ортадағы тіршілікқама жүйесінің бірден-бір корпоративтік субъектілері аталмыш жетінші «аяққы» ата-буынның құрамындағы *бірата* (ата балалары, бір атаның балалары) деген белгілі патрилокалды (агнаттық) құрылымдар болып табылады. Ағайынды ер-азаматтардың отбасылары шаруашылық-мәдени және тұрмыстық қажеттілікті ұдайы қамтамасыз ету мақсатында аталмыш бірлестікке ұйымдасатын. Сонымен бірге малдың азығы – шөптің көктемнің соңғы мезгілі мен жаз айларындағы қалың да, шүйгін күйге жетуіне байланысты ғылымда патрилиниялық топ немесе агнаттық құрылым деп аталатын мұндай бірлестіктің құрамына үшінші, кейде тіпті төртінші атадан туыстасатын руластарының отбасылары да кіретін. Осындай үлкен ауылдың құрамындағы үйлердің (отбасылардың) саны, әсіресе, қазақ жерінің далалық аймақтарында 70-80 дейін жететін (әлбетте, орыс отаршылдық тәртібін дендеп орныққан кезеңіне дейін). Осы ретте жоғарыда айтылған үш отбасынан бастап көрсетілген 70-80 отбасылардың бірлестігінің де бірата деп атала беретіндігін ерекше екшеп айтқан ләзім (Толыбеков, 1971: 511-512).

Төменде *жетіаталық* құрылымның, тек таратудың екінші «символикалық» мәнді тәсілі бойынша, «генетикалық» өрбітілу ретін және жетінші «аяққы» ата-буын құрамындағы отбасылардың өзіндік ұйымдасуының формасы – бірата (немесе үлкен отбасы) деп аталатын патрилиниялық (агнаттық немесе патрилокалды) бірлестіктің құрылымын бейнелейтін әрі санын көрсететін схема беріліп отыр:

Тек таратудың символикалық мәнді екінші әдісімен берілген схемасы (1-схема)




Әлбетте, аталмыш бірлестіктің жоғарыда көрсетілген демографиялық оптимум-мөлшерінің белгілі дәрежеде тым шартты екендігі түсінікті болса керек. Алайда жетіата мүшелерінің шынайы саны бұл мөлшерден асып түсуі бек мүмкін. Өйткені, бұл ретте бай ауылдар түз жұмысы мен үй жұмысына деп жалшылар мен қызметшілер ұстағандарын да ескеру қажет. Сонда дәстүрлі қазақы ортада «*бір рулы ел*» деп те айтыла беретін жетіатаның құрамындағы адамдарының ұзын саны, шамамен, 4500-5000 төңірегінде болды деп жорамалдауға болады.

Сөйтіп, жетінші «аяққы» ата-буын құрамындағы отбасылар емшектес (бірге туған) және немере ағайын деп аталатын әкелік желіс бойынша, туыс адамдардың отбасыларының әрқайсысы әдетте дәулетіне және ауыл ақсақалының әлеуметтік (институционалдық) мәртебесіне байланысты шамамен 3-10, кейде тіпті, 15-20, кейде 50-ге дейін бірата патрилиниялық бірлестігіне ұйымдасатын (Шахматов, 1964: 44-45) (Құрышев, 1998: 106). Өйткені бай отбасылар, жоғарыда атап көрсетілгендей, үй жұмысы мен түз жұмысына деп арнайы жалшылар мен үй қызметшілерін ұстайтын. Яғни байдың ауылы енші алып бөлек шыққан ұлдарының отбасыларынан (отау үйлерден) және өзінің *қара шаңырағының* мұрагері – кенже ұлдың үйінен басқа жоғарыда аталған жалшылар мен үй қызметшілерінің отбасыларынан да тұрды.



Төменде емшектес үш отағасының патрилиниялық бірлестігі – біратаның генеалогиялық схемасы беріліп отыр. Бірақ осы тұста және одан әрі біраталық және басқа да генеалогиялық құрылымдардың құрамын схемамен көрсету енді шежірелік желісі жоғарыдан төмен қарай жүргізілетін екінші принцип арқылы емес, туыстықты есептеушінің өзінен бастайтын бірінші «прагматикалық» тәсіл бойынша атқарылады.

Бірінші «аяққы» ата-буын құрамындағы «бірата» ауылының генеалогиялық схемасы (2-схема)




2	—	генеалогиялық есеп жүргізушінің өзінен бастағанда жетіталық желістегі екінші ата-буын – бірінші «аяққы» отбасылардың отағасыларының әкесі
1(1)	}	генеалогиялық есеп жүргізушінің өзінен бастағанда жетіталық желістегі бірінші, яғни «аяққы» замандас ата-буынның құрамындағы 9 отбасы ұйымдасқан 3 біраталық бірлестік
1(2)		
1(3)		
Б	—	генеалогиялық есепке «тіркелмейтін» кәмелеттік жасқа жетпеген балалар

Ал, жоғарыда айтылғандай, туыстықты есептеушінің өзінен бастағанда төртінші (кейде үшінші) атадан бастап *тек атаға* дейінгі бақилық болған ұрпақтар шежірелік тарихнаманың көшпелі орта үшін психологиялық әсері айрықша әлеуетті аруақ-образдарына айналды. Расында да, дәстүрлі қазақы орта үшін «ата-баба жолының» «көзі» һәм желеп-жебеушісі ретінде бұл аруақ-образдардың идеологиялық және символдық пәрмені ерекше болды. Бұл этномәдени ортада өзінің құрылымы мен атқарылу тәртібі жағынан өте күрделі болып табылатын *аруақтарға сиыну, төу ету, жүгіну* үрдісін кейбір зерттеушілер айтып жүргендей, «таза» діни наным-сенімге негізделген рәсім ретінде ғана бағамдауға болмайды. Бұл жосынды көшпелілердің ежелден жасап келген әлеуметтік концепциясына сәйкес, бағзы заманда-ақ салтанат құрған «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» мамыражай-тоқ тіршіліктің бірден-бір кепілі «ата-баба жолын» дәріптеудің және сақтаудың аса пәрменді идеологиялық институттардың бірі ретінде бағамдау ләзім.

Қазан төңкерісіне дейінгі сан алуан деректерден туындайтын қисынға салсақ, аталмыш агнаттық (патрилиниялық) құрылымдар көшпелі ортадағы материалдық және рухани игілік атаулының бірден-бір өндірушілер болғандығын парықтау қиынға түспейді. Яғни көшпелі қоғамның тікелей негізгі өндіргіш күштері болып табылады. Аталмыш деректер жыл он екі айдың суық мезгілдерінде, әсіресе қыс айларында *біратаның* (агнаттық немесе патрилокалды бірлестіктің) жоғарыда аталған құрамы сақталғандығын көрсетеді. Бірақ жылдың көктің қаулап өсу мерзімдерінде, әлбетте жаз айларында,

жоғарыда айтылғандай, әлгі *бірата* бірлестіктері үлкен ауылдарға бірігіп отырды. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – деректерде үлкен ауылдардың құрамындағы отбасылардың нешінші атадан тарайтындығы туралы ешқандай ақпарат кездеспейді. Дегенмен аталмыш деректердегі үлкен ауылдардағы міндетті түрде бір руға жататын отбасылардың саны жөніндегі мәліметті *жетіата рулық* құрылымның генеалогиялық есеп жүргізуші адамның өзінен бастағанда (яғни, тек таратудың жоғарыда айтылған бірінші тәсілі бойынша) әлгі үлкен ауылдардағы үйлердің үшінші, кейде төртінші атадан тараған ұрпақтардың отбасылары екендігіне көз жеткізуге болады. Өйткені осы схема бойынша, үшінші атадан бастау алатын отбасылардың (әр агнаттық бірлестік үш үйден (отбасыдан) тұрады деп есептегенде) саны шамамен 80-90 аралағында болады.

*Үшінші атадан тараған ұрпақ-отбасылар. Жалпы саны 80-90 аралығындағы бұлар жаз айларында үлкен ауылға бірігіп отырды (3-схема)*



<p>3</p>	<p>— генеалогиялық есеп жүргізушінің өзінен бастағанда жетіаталық желістегі үшінші ата-буын</p>
<p>2(1) 2(2) 2(3)</p>	<p>генеалогиялық есеп жүргізушінің өзінен бастағанда жетіаталық желістегі екінші ата-буын құрамындағы 9 отбасы ұйымдасқан 3 біратаалық бірлестіктер</p>
<p>1(1) 1(2) 1(3)</p>	<p>генеалогиялық есеп жүргізушінің өзінен бастағанда жетіаталық желістегі бірінші ата-буын құрамындағы 27 отбасы ұйымдасқан 9 біратаалық бірлестіктер</p>

Бұл мөлшердің аталмыш деректерде көрсетілген үлкен ауылдардағы отбасылардың санынан ешқандай айырмашылығы жоқ. Есесіне, жоғарыда айтылғандай, аталмыш схема арқылы үлкен ауылдардағы туыс отбасылардың нешінші атадан бастап біріккендігін анықтаудың сәті түсті. Яғни деректердегі үлкен ауылдың құрамына байланысты ғалымдар сүйенетін жалаң сандарға этнографиялық нәр берілді деген сөз. Келтірілген схеманың ғалымдар үшін операциялық, ал көпшілік үшін аса көрнекілік танымдық тағылымы осында.

Алайда XIX ғ.-дың екінші жартысы, әсіресе осы кезеңнің 80-90 жылдары – XX ғ. басында қазақ өлкесінің ең шұрайлы жерлерін орыстың отаршыл билігінің тәркілеп, сырттан қаптаған келімсектерге беруіне байланысты және басқа да саяси-әкімшілік, территориялық реформалардың нәтижесінде үлкен ауылдың құрамындағы отбасылардың саны шамамен 20-30-ға дейін төмендеді (Толыбеков, 1971: 495-593). Бұл жайтты да жоғарыда аталған схеманың көмегімен анықтауға болады. Осы схеманың қисыны бойынша, көшпелі ортада жаңадан қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық, саяси, әлбетте, экологиялық ахуалға сәйкес үлкен ауылдардағы отбасылар енді *жетіаталық рудың* шежірелік желісіндегі төртінші атадан бастап бірігуге мәжбүр болды.

Жоғарыда айтылған қисын мен тиісті мәліметтерден аңғарылып отырғандай, *жеті атаның* құрамындағы *бірата* бірлестіктерінің саны, әсіресе XIX ғ.-дың бірінші жартысына дейінгі кезеңде жылдың мезгілдік ерекшеліктеріне қарай, өзгеріп отырды. Яғни үлкен ауыл және шағын ауылға жіктелді (жаз айларында аталмыш бірлестіктердің саны 20-дан 80-ге дейін, қыс айларында қалыпты мөлшерде – 3-9 отбасының шамасында болды). Бұл кұбылысты, кейбір зерттеушілердің еңбектерінде көрсетілгендей, көшпелілердің жазда *кеңейтілген қауымға* (максимальная община), қыста *шағын қауымға* (минимальная община) топтасуы деп бағамдау қазақ социумының табиғи-тарихи қисынына һәм этнографиялық болмыс-бітіміне қиянат жасау болар еді (Масанов, 1995). Шынтуайтында, аталмыш үдерісті көшпелілердің қоршаған ортаның табиғи ресурстарын жыл он екі айдың мезгілдік ерекшеліктеріне сәйкес бейімделу һәм игеру стратегиясы ретінде қарастырған жөн. Сол сияқты XIX ғ.-дың екінші жартысында, жаз айларында қалыптасатын үлкен ауылдардың құрамындағы отбасылардың санының әдеттегіден күрт азаю үрдісін де орыстың отаршыл тәртібінің қыспағына түскен көшпелілер тіршілігінің қорғаныс механизмінің іске қосылуы ретінде бағамдауға болады.

Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – дәстүрлі қазақы ортада институционалдық және ғұрыптық-символикалық мәртебесі айрықша жоғары болған *үлкен үй* деп аталған құрылым көбінесе фольклорда, ішінара көркем әдебиетте, сондай-ақ *«кәрі құлақ шежіре қарттардың»* ауызекі ақпаратында «тіркелгені» болмаса, еш уақытта зерттелген емес. Рулық шежіренің концепциясы бойынша, *үлкен үйдің тек атаның* қара шаңырағының мұрагері – кенже ұлдан тарайтындығын ескеріп, жоғарыда келтірілген схема арқылы *үлкен үйді* анықтаудың сәті түсті (*үлкен үйдің* шежірелік-«генетикалық» желісі аталмыш схемада қызыл сызықпен таратылып беріліп отыр (**қараңыз: 1-схема**)). Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейдің Қазақстанның әр аймақтарына ұйымдастырған сан жылғы этнографиялық экспедицияның материалына қарағанда, *үлкен үй* дәстүрлі қазақы ортада, әсіресе этностың тіршілік цикліне байланысты атқарылатын сан алуан салт, ғұрып, ырым-тыйымдар жүйесінде өзіндік ұйымдастырушы рөлі болды (ҚР MOM этнографиялық экспедициясының материалы, 1999-2005). Сонымен бірге социум үшін аса маңызды *шежіре тарату* функциясын да атқарды. *Үлкен үйдің* ресми жазбаша деректерге түспегендігін оның, әсіресе XIX ғ.-дың екінші жартысынан бастап ғұрыптық институт ретінде маңызының күрт төмендегендігімен түсіндіруге болады.

**Жетіаталық экзогамиялық құрылым – қауым-социум: болмысы мен бітімі.** Жоғарыда айтылғандай, көшпелілердің күнделікті іс-тәжірибесінде де, аталмыш орыс тарихнамасында да ру терминінің осындай басым әрі әмбебап қолданысы шын мәніндегі *ру* болып табылатын *жетіаталық құрылымның* дәстүрлі қазақы ортадағы бүкіл әлеуметтік тіршілік атаулыны тікелей ұйымдастырушы және реттеуші социумдік функция атқарғандығымен түсіндіруге болатындай. Яғни туыстық байланыстардың тоғысқан торабы ғана емес, сонымен бірге социумдік функция атқарған ру (әрі қауым) ретінде. Жетіаталық құрылымның социум ретіндегі болмысын ғылыми негізделген қисынмен айғақтау үшін, ең алдымен, осы құрылымның өзін-өзі ұйымдастыруға және басқаруға қабілеттілігін дәлелдеуге ілік болардай, яғни социумдық табиғатына негіз болып табылатын механизмдерді анықтап, зерделеу қажеттілігі туындайды. Сан алуан деректер көшпелі ортадағы негізгі материалдық және рухани игіліктің бірден-бір тікелей өндірушілері *жетіатаның* құрамындағы, жоғарыда айтылғандай, *бірата* деген агнаттық бірлестіктер осындай өндіргіш күш – механизмдер болғандығын айғақтайды. Яғни, қоғамдағы тіршілік қажеттіліктері тек осындай *ру-қауым* кеңістігінде ғана өндірілді. Өйткені жоғарыда айтылғандай, мұндай қажеттіліктерді көшпелі ортада өндіруге қабілетті бірден-бір қауқарлы күш сол *ру-қауымның* негізгі корпоративтік құрылымдық компоненттері – *бірталар* ғана болды. Демек, көшпелілердің және олардың отбасылары-

ның тіршілігін қамтамасыз етудің технологиялық базасы әрі механизмі – тиісті тіршілікке жүйесі аталмыш патрилокалдық құрылымдардың күшімен ғана қалыптасты және қызмет атқарды. Басқаша айтқанда, көшпелілердің қалыпты тыныс-тіршілігін шаруашылық-экономикалық, рухани және институционалдық тұрғыдан қамтамасыз етуге байланысты қалыптасқан қоғамдық қатынастардың ең басты субъектілері жеке индивидтер ғана емес, ең алдымен, жоғарыда аталған *біраталық* агнаттық құрылымдар болды. Біраталық құрылымдардың рулық-қауымдық (қоғамдық) қатынастардың негізгі субъектілері болуының басты себебі олар, жоғарыда айтылғандай, көшпелі социумдегі ең басты әрі бірден-бір корпоративтік ұйымдасқан өндіргіш күштер болды. Яғни шаруашылық-мәдени, ғұрыптық және тиісті институционалдық функциялар атқарды.

Сонымен, көшпелі қазақ социуміндегі шаруашылық-экономикалық, мәдени, тұрмыстық, ғұрыптық сияқты шараларды іске асыруға бағытталған әлеуметтік мәнді харекеттердің басты субъектілері *біраталар* болды. Дегенмен, көшпелі тіршіліктің басты объектілері – жер мен су көздерін пайдалануға, малды ұқсатып күтуге және басқа да ауқымды еңбек операциялары (қырқым, қора-қопсы салу, үй соғу және т.б.) мен маңызды мәдени-ғұрыптық шараларды (мысалы, қыз ұзату, келін түсіру, нәрестенің дүниеге келуі, өлікті жөнелту, ас беру және т.с.с.) атқаруға байланысты әлгі агнаттық құрылымдар өзара ұйымдасып отыр, яғни олардың арасында сан деңгейлі, сан салалы тұрақты қатынастар орнықты. Бұл қатынастар көшпелі ортадағы шаруашылық-экономикалық харекеттің табиғи объектісі – жерді (жайылымдарды) ұқсатып пайдалану, «биологиялық» объектісі – малды дұрыс күтіп-баптау және оның өнімдерін игеру, сондай-ақ социум мүшелерінің әлеуметтік энергиясын жұмылдыратын сан алуан институционалдық, ғұрыптық, салттық жосындарды атқаруға байланысты қатынастар жүйесі болып табылады. Осы қатынастардың корпоративтік субъектілерінің – *біраталардың* атқарылуы тиіс шаралардың ауқымына байланысты қажетті саны *жетіаталық* құрылымдағы туыстық-рулық байланыстың іргелі нормалары мен принциптерінің бірі (институттарының) – *«жақын ағайын»* арқылы айқындалып, ұйымдастырылып отырды. Қолданыс мәні мен пәрмені шежірелік жосынмен дәйектелген *«жақын ағайын»* институты, өз кезегінде, аталмыш шаруашылық және мәдени-ғұрыптық шараларды атқарушылардың – *біраталардың* қажетті сандық мөлшерін айқындаудың және айғақтаудың институционалдық-идеологиялық негіздемесі рөлін атқарды.

Сонымен бірге, агнаттық бірлестіктер арасындағы қатынастар жүйесі ру ауқымындағы *билер кеңесі, бидің билігі, жүгініс, ақсақалдар кеңесі, шежіре*, осы шежірелік жосынмен негізделген *рулық-туыстық* байланыстың нормалары мен принциптері сияқты *жетіаталық* құрылымның іргелі институттары мен принциптері арқылы да ұйымдастырылып әрі реттелініп отырды. Осы қисын тұрғысынан *жетіаталық* құрылым ұйымдастырушы және реттеуші институционалдық функция атқарды. Осы ретте ерекше екшеп айтар жайт – *жетіаталық* құрылым – ру аталмыш патрилокалдық (агнаттық) бірлестіктерден тыс болған жоқ және осы бірлестіктердің арасындағы жоғарыда аталған қатынастар жүйесінің «қондырмасы» да емес. Түптеп келгенде, *жетіаталық* құрылым-ру осы агнаттық бірлестік – *біраталардың* өзара туыстық, шаруашылық-мәдени, территориялық жолмен ұйымдасуының институционалдық формасы болып табылады. Басқаша айтқанда, осы *жетіаталық* құрылым әлгі үлкен отбасылар – агнаттық бірлестіктер арасындағы сан салалы, сан деңгейлі қатынастар жүйесінің бірден-бір ұйымдық формасы болды. Демек, көшпелі ортадағы негізгі материалдық және рухани игіліктердің ең басты өндіргіш күштері болған біраталық бірлестіктерді *жетіаталық* құрылым – рудың жүйе жасаушы құрылымдық-функционалдық элементтері ретінде қарастырған жөн.

Осы ретте тәптіштей кетер жайт – *жетіаталық* құрылымның аталмыш қатынастар жүйесінің ұйымдық формасы ретіндегі функциясы жоғарыда айтылған *билер кеңесі, жүгініс, ақсақалдар кеңесі*, сондай-ақ *туыстық-рулық* байланыстың сан алуан институттары мен нормалары түрінде жүзеге асырылып отырғандықтан, бұларды *жетіаталық* құрылымның ұйымдастырушы және реттеуші функциясын жүзеге асыратын механизмдер ретінде қарастырған жөн. Расында да, аталмыш агнаттық бірлестіктердің арасындағы қатынастарды ұйымдастыру және реттеуге байланысты қалыптасқан аталмыш *билер кеңесінің, бидің билігінің, жүгіністің, ақсақалдар кеңесінің*, сондай-ақ *туыстық-рулық* байланыстың сан алуан институттары мен нормаларының функциясы, тіпті қылмысты немесе кінәлі деп саналғандарды жазалау үрдісі сайып

келгенде *ру-қауымның* (*жетіаталық* құрылымның) институционалдық функциясы болып табылады.

Сонымен бірге көшпелілердің негізгі тіршілік кеңістігі болып табылатын *жетіаталық* құрылым рудағы қажетті игіліктердің бірден-бір өндіргіш күштері *біраталар* болғанымен, олар *рулық-қауымдық* территорияның тиісті бөліктерінің толықмәнді меншік иелері болған жоқ және болулары да мүмкін емес. Өйткені *ру-қауымды* құрайтын *біраталардың* әрқайсысының меншігінде өз жерінің болуы сол *ру-қауымның* құрылымдық және функционалдық тұтастығына түптің түбінде экономикалық тұрғыдан жаппай іріткі әкелген болар еді. Сондықтан бұл агнаттық құрылымдар әлгі *рулық-қауымдық* территорияның өздеріне бөлінген аумақтарын меншіктену құқығының емес, тек пайдалану құқығының ғана субъектілері болды. Демек, бұл құрылымдар өздеріне тиесілі жер мен су көздерін пайдалану мүмкіншілігін ғана иеленді. Осыған орай олар көшпелі ортадағы тіршіліктің негізгі объектілері – жер мен су көздерін игеруге байланысты міндетті түрде *ру-қауым* деңгейінде ғана институционалдық жолмен реттелініп отыратын өзара пайдалану қатынастарына түсті. Деректер, расында да, мұндай қатынастардың, соның ішінде, әсіресе жайылымдық және шабындық жерлерді пайдалануға байланысты аталмыш агнаттық бірлестіктердің арасындағы қатынастардың *ақсақалдар кеңесі, рубасылар кеңесі, шиеленісті жағдайда билер кеңесі, бидің билігі, жүгініс* сияқты *ру-қауымның* институттары арқылы ұйымдастырылып және реттелініп отырғандығын көрсетеді (Зиманов, 1958). Демек, көшпелі ортада атадан балаға қалдырылып отырған ең басты әрі ең құнды мирас – *рулық* территорияның бірден-бір иесі монополдық меншік субъектісі *жетіаталық* құрылым болды.

Сондай-ақ бұл құрылымның *рулық* территорияның бірден-бір монополдық иесі болуына оның жоғарыда аталған ұйымдастыру, реттеу, мәжбүрлеу және жазалау сияқты жоғары институционалдық қауқары мен мәртебесі де айрықша мүмкіндік берді.

Сөйтіп, көшпелі әлеуметтік ортада, бір жағынан, *ру-қауымның* тиісті жер мен су көздерін (территорияның) толықмәнді иесі, яғни осы объектілерді меншіктеуге қауқарлы әрі меншіктенген бірден-бір субъект ретінде функция атқаруы, екінші жағынан, осы құрылымның бірден-бір өндіруші күштері – *біраталардың рулық-қауымдық* территорияның тиісті бөліктерін тек пайдаланудың ғана субъектілері болуы *ру-қауымның* құрылымдық және функционалдық тұтастығын экономикалық тұрғыдан қамтамасыз етті. Көшпелі ортада жер мен су көздерін игеру қатынастарының осы екі принципін – ұжымдық монополиялық принципін мен бір аталық пайдалану принципін арасындағы өзара себеп-салдарлық байланыстар аталмыш қатынастарды жүзеге асырудың механизмі болып табылады. Расында да, егер ұжымдық монополиялық принцип жер-су қатынастарының негізгі субъектілері – *біраталардың* арасындағы бытыраңқылыққа жол бермесе, яғни олардың арасындағы әрісі экономикалық, берісі мәдени, идеологиялық үйлесімді байланысты қамтамасыз етсе, біраталық пайдалану принципін осы қатынастарды ұйымдастыру мен реттеудің экономикалық, идеологиялық, экологиялық және институционалдық тұрғыдан мейлінше ойластырылған тәсілі деуге болады.

Түптеп келгенде, *жетіаталық ру-қауымның* әлгі территорияны меншіктеудің осындай монополды субъектілік мүмкіншілігі мен институционалдық қауқары *біраталардың* арасындағы сан салалы, сан деңгейлі қатынастардың логикасынан туындады әрі осы қатынастарға негізделінді.

*Жетіаталық* құрылымның демографиялық мөлшерінің, яғни демографиялық оптимумының дағдарыс күйге енуіне және оның территориялық ресурстарының жетімсіздігі байқалуына байланысты келесі сегізінші атадан кейінгі ұрпақтардың демографиялық, шаруашылық-экономикалық, мәдени, институционалдық, идеологиялық және т.б. жағынан кемелденген тобы бөлініп отырды. Шаруашылықты жүргізетін ауқатты байлары, басқарар бий, ел қорғаны батыры бар бұл топтың бөліну (еншілену) рәсіміне шежірелік жосынмен негізделген тығыз байланыстағы тайпалық ұлыстың игі жақсылары тегіс ат салысулары тиіс болды. Олар бөлінетін топқа жайлауын, күзеуін, қыстауын, көктеуін және көш жүретін бағыттар мен жолдарды енші ретінде белгілеп беретін.

Бұл рәсімінің атқарылар ретінде де ерекше мән бар. Сан ғасырлар бойы орныққан бүкіләтникалық үрдіс бойынша, бөлінетін топтың ырыс ұстаған адамдары – билері, байлары, батырлары, ақсақалдары алдын ала керілген ала арқанды аттайды (ала арқанды аттау көшпелі ортадағы қоғамдық байланыстың тығыздығын, пәрменділігін, қуаттылығын

қамтамасыз етіп отыратын туысқандық-рулық қатынастардың жетіталық ауқымнан кейін үзілгендігінің айғағы іспеттес. Тілімізде ала арқанның немесе ала жіптің осындай әлеуметтік семантикасына байланысты «біреудің ала жібін аттама!» немесе «біреудің ала жібін алма!» деген эвфемистік бітімдегі табу-фразеологизм сақталған (аталмыш рәсімінің «кері» параллелі ретінде апыл-тапыл жүре бастаған сәбидің аяғын ала жіппен «түсап», оны ауылдағы «ұлын ұяға, қызын қияға» қондырған ардақты ананың кесу рәсімін айтуға болады). Соңынан, жиналған қауым осынау ұлы ғұрыпты «*жеті атаға толыстық, жеке ел болыстық*» деп жар сала арнайы ала жылқы сойып, атап өтетін. Бірақ бұл – жай жылқы емес, айрықша рәсімделген, семантикалық аса мәнді символ. Моңғолиядағы қазақтар мекендейтін Баян-Өлгий өлкесінің қарт тұрғыны Алданыш қарияның айтуынша, бөлетін және бөлінетін жақтың ел бастар беделді билері мен ақсақалдары сойысқа сайланған жылқының құйрығын кесісу рәсімін жасайтын болған. Ана тіліміздегі мүлдем айырылысуды меңзейтін «*ат құйрығын кесісу*» (бірақ кесу емес!) деген фразеологизм осыдан қалса керек. Бұдан кейін бөлінген топ жеке рулық құрылым ретінде өз бетімен тіршілік құрды. Бұл бірлестік аталмыш рәсімнен соң өзі енші алып шыққан румен де қыз алысып, қыз беру құқына ие болды.

Сан жағынан жетіұрпақтық мөлшерден асқаннан кейінгі жаңа қауымдық құрылымның бөлініп шығуы, түптеп келгенде, көшпелі этноэкожүйедегі табиғи-тарихи тепе-теңдікті сақтау үшін адами, табиғи және материалдық ресурстарды қайта бөліп отырудың ең тиімді институттанған тәсілі. Бұл тәсілді көшпелі экожүйенің табиғи және материалдық ресурсын тиімді пайдалануға бағытталған этникалық қауымның өзін өзі ұйымдастыру тәсілі деп те бағалауға болады.

Алайда әртүрлі факторлардың әсерімен аталмыш ғұрыптың бірнеше ұрпақ өтсе де, атқарылмаған жайты болып тұрды. XIX ғ.-дың екінші жартысында қазақ өлкесінде орыстың отаршыл тәртібінің дендеп орнығуына байланысты жайылымдық жері (яғни тіршілік кеңістігі) мейлінше тарылған, сөйтіп ежелгі тіршілік ритмінен айырылған қазақ қоғамында көшпелі орта үшін аталмыш одағай жайт бірте-бірте сіңісті болып, дағдылы үдеріске айналған сыңайлы. Мұндайда, яғни рудың құрамындағы *ұрпақ-аталар* саны *жетіталық* мөлшерден әлдеқайда асып кетсе де, жоғарыда айтылған жетіталық генеалогиялық желіске дейін «қыз алысып, қыз берісуге» қатан тыйым-нормасы бәрібір сақталынды. Бұл ұстаным дәстүрге берік кейбір қазақы ортада күні бүгінге дейін кездеседі. Мысал ретінде Моңғол Республикасының негізінен қазақтар мекендейтін Баян-Өлгий аймағының байырғы тұрғыны 77 жастағы шежіре қария Қатран Орынбайұлының төмендегідей ерекше ден қоярлық мәліметін келтіруге болады. Ақсақалдың айтуынша, абақ керейдің құрамындағы жантекей, оның ішіндегі сүйіншәлі, одан тарайтын барақ, одан кейінгі келесі буын-ата тайлаққа жататын екі жастың үйленуіне әлгі рудың құрамындағы ұрпақ-аталардың саны 12-ден асып кетсе де, бүкіл жұртшылық қарсы болыпты (ҚР МОМ, 1999-2005) (Арғынбаев, 1973: 148-151). «*Бетке салық, сүйекке таңба*» ретінде бағаланатын бұл жайттың гәбі *жетіатадан* кейінгі ұрпақтардың қыз алып, қыз берісу қақысын айғақтайтын, жоғарыда аталған «*ат құйрығын кесісу*» салтының атқарылмағандығында болып отыр. Шежірелік жосынмен идеологиялық және тарихнамалық әбден негізделген бұл салт ғұрыптық-символикалық қана емес, ру-социумның тіршілікқамаы жүйесі үшін де аса қажетті оның демографиялық шама-шарқын мөлшерлейтін, әрі жергілікті табиғи ортаның ресурсын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін экономикалық һәм экологиялық функция да атқарды.

**Түйін.** Сонымен, қазақ этносының құрамындағы *рулық* және *туыстық* байланыстың негізгі торабы іспеттес *жетіата* ғана өзінің жоғарыда келтірілген институционалдық аса мәнді *рулық* атрибуттары жағынан да, функционалдық бітімі тұрғысынан да ру болып табылады. *Жетіталық құрылымды*, сонымен бірге көшпелі ортада материалдық және рухани қажеттілікті өндіретін бірден-бір өндіргіш күштер болып табылатын *біраталардың* (агнаттық немесе патронимиялық бірлестік) өзара шаруашылық-мәдени және институционалдық ұйымдасуының бірден-бір формасы – социум ретінде қарастырған жөн.

**\*ЕСКЕРТПЕ:**

«Қауым» терминінің орыс тіліндегі баламасы «община», ағылшын – «community», «society» және т.б. Сондай-ақ «gemeinschaft» (gemeinde), «gesellschaft» деген неміс тіліндегі идентификациялық нұсқалары да кездеседі (Большой толковый социологический

словарь, Т.1., 2001: 511-512), (Социокультурная антропология..., 2012: 836-837), (Свод этнографических понятий и терминов, 1986: 80-81, 109-114). Ал шетелдік элеуметтік-мәдени антропологияда «қауым» ұғымының институционалдық мәнді баламасы ретінде кейде «clan» (клан), «maximum lineage» («максималды» линидж), «sib» (сиб) терминдері де қолданылады (Lawrence Krader, 1963). Сонымен бірге линиджі, әсіресе минималды линиджі (minimum lineage) кланның құрамдас компоненті ретінде қарастыратын авторлар да жоқ емес (Свод этнографических понятий и терминов, 1986: 80-81).

#### Әдебиет

Alimbay Nursan. L'ethnie et la tradition culturelle: les problemes de correlation // Festival sur la diversite culturelle et le dialogue en Asie centrale. Paris, 2005. P. 26-128.

Alimbay Nursan. La comunita come principale forma organizzativa delle relazioni sociali dei nomadi: note preliminari // Popoli della yurta Kazakhstan. Tra le origini e la modernita. Milano: Jaca Book, 2008. Pp. 99-111.

Alimbay Nursan. Society and culture of the nomads of Central Asia through time // Nomads and networks. The Ancient Art and Culture of Kazakhstan. New York, 2012. P.152-164.

Krader Lawrence. Social organization of the mongol-turkic pastoral nomads. – Indiana University publications. Uralic and Altaic series. Vol. 20. The Hague, Mouton & CO, 1963. 412 p.

Алимбаев Нурсан. Казахская версия эпического сказания «Едиге» как источник по социальной истории кочевников (предварительный опыт источниковедческой экспертизы) // Вестник Евразийского гуманитарного института. 2005. №4. С.5-10.

Алимбаев Нурсан. Казахское шежире как фольклорный жанр (вопросы изучения шежире как исторического источника) // Орталық музей еңбектері: музей ісі, тарих, этнология, фольклортану, антропология, деректану, нумизматика. II шығарылымы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор Нурсан Әлімбаев. Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. 373-386 бб.

Алимбаев Нурсан. Кочевая община казахов: проблемы этносоциологической реконструкции // Известия Российского государственного педагогического университета им. А.И. Герцена. СПб., 2009. №96. С. 317-326.

Алимбаев Нурсан, Смагулов Б.К. Коренные изменения традиционной системы землепользования у казахов-кочевников в контексте колониальной политики российской империи (конец XIX – начало XX в.): факторы и последствия // Vуlye Gody. 2020. Vol. 58. Is. 4. P. 2765-2776.

Алимбаев Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. Алматы: «Ғылым», 1998. 234 с.

Аргынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). Алматы: Ғылым, 1973. 328 б.

Аристов Н.А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казаков Большой Орды и кара-киргизов на основании родословных сказаний и сведений, о существующих родословных делениях и родовых тамгах, а также исторических данных и начинающихся антропологических исследований // Живая старина. Вып. III-IV. СПб., 1894.

Большой толковый социологический словарь (Collins). Т.1 (А-О): Перевод с англ. Н.Н. Марчук. Москва: Вече, АСТ, 2001. 544 с.

Большой толковый социологический словарь (Collins). Т.2 (П-Я): Перевод с англ. Н.Н. Марчук. Москва: Вече, АСТ, 2001. 528 с.

Всемирная энциклопедия. Философия. М.: АСТ; Минск: Харвест, 2001. 1311 с.

Гродеков Н. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. Ташкент, 1889.

Демографический энциклопедический словарь / Редкол.: Валентей Д.И. (гл.ред.) и др. И.: Сов. энциклопедия, 1985. 608 с.

Древнетюркский словарь. Л.: Наука, 1969.

Дьяконов И.М. Община на Древнем Востоке в работах советских исследователей // Вестник древней истории. М.: 1983. №1 (83). С. 16-34.

Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века. Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1958. 296 с.

Кабо В.Р. Первобытная доземледельческая община. М.: Наука, 1986. 304 с.

Кауфман А.А. Русская община в процессе ее зарождения и роста. М., 1908. 455 с.

Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы: «Ғылым», 1977. 711 б.

Ковалевский М.М. Общинное землевладение, причины, ход и последствия его разложения. М., 1874. 18 с.

Коротаев А.В., Оболонков А.А. Род как форма социальной организации в работах дореволюционных русских и советских исследователей // Узловые проблемы истории докапиталистических обществ Востока. Вопросы историографии. М.: Наука, 1990. С. 3-52.

Крупник И.И. Арктическая этноэкология. Модели традиционного природопользования морских охотников и оленеводов Северной Евразии. М.: Наука, 1989. 272 с.

- Крюков М.В. О соотношении родовой и патронимической (клановой) организаций (к постановке вопроса) // Советская этнография. М.: Наука, 1967. № 6. С. 83-94.
- Курс демографии. Москва: «Статистика», 1974. 454 с.
- Курылев В.П. Скот, земля, община у кочевых и полукочевых казахов (вторая половина XIX – начало XX века). СПб, 1998. 296 с.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. Жалпы редакциясын басқарған: А.Ысқақов, Н. Уәли. Алматы: Арыс, 2006-2011.
- ҚР МОМ этнографиялық экспедициясының материалы, 1999-2005.
- Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей (под общей редакцией академика М.К. Козыбаева). Алматы: «Санат», 1996. 656 с.
- Лотман Ю.М. Языки культуры и проблемы переводимости. М.: Наука, 1987. 256 с.
- Масанов Н.Э. Кочевая цивилизация казахов: основы жизнедеятельности кочевничества. А.: «Социвест» – М.: «Горизонт», 1995. 320 с.
- Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Т. 1. Акмолинская область. Кокчетавский уезд. Воронеж, 1898.
- Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Т. 4. Семипалатинская область. Павлодарский уезд. Воронеж, 1903.
- Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Т. 6. Семипалатинская область. Каркаралинский уезд. СПб., 1905.
- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. Т.8. Павлодар: ЭКО, 2013.
- Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 20 томдық шығармалар жинағы. Т.10. Павлодар: ЭКО, 2013.
- Община в Африке: проблемы типологии. М.: «Наука», 1978. 292 б.
- Першиц А.И. Проблема типологизации общины в дореволюционной русской и советской этнографии // Очерки истории русской этнографии, фольклористики и антропологии. Вып. VIII. М.: Наука, 1978. С 142-156.
- Родовое общество. Этнографические материалы и исследования. Москва: Издательство Академии наук СССР, 1951. 254 с.
- Румянцев П.П. Киргизский народ в прошлом и настоящем / сост. П.П. Румянцева; Переселенч. упр. Гл. упр. землеустройства и земледелия. Санкт-Петербург: Переселенч. упр. Г.У.З. и З., 1910. 66 с.
- Свод этнографических понятий и терминов. Вып. 1. Социально-экономические отношения и соционормативная культура. Москва: «Наука», 1986. 238 с.
- Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII – начале XX века (Политико-экономический анализ). Алма-Ата: Наука, 1971. 633 с.
- Шахматов В.Ф. Казахская пастбищно-кочевая община (вопросы образования эволюции и разложения). Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1964.

#### References

- Alimbay N., Mukanov M.S., Argynbaev H. Tradicionnaya kul'tura zhizneobespecheniya kazahov. Ocherki teorii i istorii. Almaty: «Gylym», 1998. 234 s. [in Russian].
- Alimbay Nursan, Smagulov B.K. Korennye izmeneniya tradicionnoj sistemy zemlepol'zovaniya u kazahov-kochevnikov v kontekste kolonial'noj politiki rossijskoj imperii (konec XIX – nachalo XX v.): faktory i posledstviya // Bulye Gody. 2020. Vol. 58. Is. 4 P. 2765-2776 [in Russian].
- Alimbay Nursan. Kazahskaya versiya jepicheskogo skazaniya «Edige» kak istochnik po social'noj istorii kochevnikov (predvaritel'nyj opyt istochnikovedcheskoj ekspertizy) // Vestnik Evrazijskogo gumanitarnogo instituta. 2005. №4. S. 5-10. [in Russian].
- Alimbay Nursan. Kazahskoe shezhire kak fol'klornyj zhanr (voprosy izuchenija shezhire kak istoricheskogo istochnika) // Ortalyk muzej enbekteri: muzej isi, tarih, jetnologiya, fol'klortanu, antropologiya, derektanu, numizmatika. II shygarylymy (kazak, orys, agylshyn tilderinde). Gylymi redaktor Nursan Alimbay. Almaty: Balalar adebieti, 2009. 373-386 bb. [in Russian].
- Alimbay Nursan. Kochevaya obshhina kazahov: problemy etnosociologicheskoy rekonstrukcii // Izvestiya Rossijskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta im. A.I. Gercena. SPb., 2009. №96. S. 317-326. [in Russian].
- Alimbay Nursan. L'ethnie et la tradition culturelle: les problemes de correlation // Festival sur la diversite culturelle et le dialogue en Asie centrale. Paris, 2005. P. 26-128. [in French].
- Alimbay Nursan. La comunita come principale forma organizzativa delle relazioni sociali dei nomadi: note preliminari // Popoli della yurta Kazakhstan. Tra le origini e la modernita. Milano: Jaca Book, 2008. Pp. 99-111. [in Italian].
- Alimbay Nursan. Society and culture of the nomads of Central Asia through time // Nomads and networks. The Ancient Art and Culture of Kazakhstan. New York, 2012. P. 152-164. [in English].
- Argynbayev H.A. Kazak halkyndagy semiya men neke (tarihi-etnografiyalık sholu). Almaty: Gylym, 2007. 328 p. [in Kazakh].
- Aristov N.A. Opyt vyjasneniya jetnicheskogo sostava kirgiz-kazakov Bol'shoj Ordy i kara-kirgizov na



- osnovanii rodoslovnnyh skazaniy i svedeniy, o sushhestvujushhih rodoslovnnyh deleniyah i rodovyyh tamgah, a takzhe istoricheskikh dannyh i nachinajushhihsya antropologicheskikh issledovaniy // Zhivaja starina. Vyp. III-IV. SPb., 1894. [in Russian].
- Bol'shoy tolkovyy sotsiologicheskij slovar' (Collins). T.1 (A-O): Perevod s angl. N.N. Marchuk. Moskva: Veche, AST, 2001. 544 s. [in Russian].
- Bol'shoy tolkovyy sotsiologicheskij slovar' (Collins). T.2 (P-YA): Perevod s angl. N.N. Marchuk. Moskva: Veche, AST, 2001. 528 s. [in Russian].
- Drevnetjurkskiy slovar'. L.: Nauka, 1969. [in Russian].
- D'yakonov I.M. Obshhina na Drevnem Vostoke v rabotah sovetskikh issledovatelei // Vestnik drevnei istorii. M.: 1983. №1 (83). S. 16-34. [in Russian].
- Grodekov N. Kirgizy i kara-kirgizy Syr-Dar'inskoy oblasti T.1. Juridicheskij byt. Tashkent, 1889. [in Russian].
- Kabo V.R. Pervobytnaya dozemel'delcheskaya obshchina. M.: Nauka, 1986. 304 p. [in Russian].
- Kaufman A.A. Russkaya obshhina v processe ee zarozhdeniya i rosta. M., 1908. 455 s. [in Russian].
- Kazak adebi tilinin sozdigi. Onbestomdyk. Zhalpy redakciyasyn baskargan: A.Yskakov, N. Uali. Almaty: Arys, 2006-2011. [in Kazakh].
- Kenesbaev I. Kazak tilinin frazeologiyalyk sozdigi. Almaty: «Gylm», 1977. 711 b. [in Kazakh].
- Korotaev A.V., Obolonkov A.A. Rod kak forma social'noj organizacii v rabotah dorevoljucionnyh russkikh i sovetskikh issledovatelej // Uzlovye problemy istorii dokapitalisticheskikh obshhestv Vostoka. Voprosy istoriografii. M.: Nauka, 1990. S. 3-52. [in Russian].
- Kovalevskij M.M. Obshhinnoe zemlevladienie, prichiny, hod i posledstviya ego razlozheniya. M., 1874. 18 s. [in Russian].
- KR MOM etnografijalyk ekspediciyasynyn materialy, 1999-2005. [in Kazakh].
- Krader Lawrence. Social organization of the mongol-turkic pastoral nomads. Indiana University publications. Uralic and Altaic series. Vol. 20. – The Hague, Mouton & CO, 1963. 412 p. [in English].
- Kru'kov M.V. O sootnoshenii rodovoj i patronomicheskoy (klanovoj) organizacij (k postanovke voprosa) // Sovetskaja jetnografiya. M.: Nauka, 1967. № 6. S. 83-94. [in Russian].
- Krupnik I.I. Arkticheskaya jetnojekologiya. Modeli tradicionnogo prirodopol'zovaniya morskikh ohotnikov i olenevodov Severnoj Evrazii. M.: Nauka, 1989. 272 s. [in Russian].
- Kurs demografii. Moskva: «Statistika», 1974. 454 s. [in Russian].
- Kurylev V.P. Skot, zemlja, obshhina u kochevyh i polukochevyh kazahov (vtoraja polovina XIX – nachalo XX veka). SPb, 1998. 296 s. [in Russian].
- Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazach'ih, ili kirgiz-kajsakih, ord i stepej (pod obshhej redakciej akademika M.K. Kozybaeva). Almaty: «Sanat», 1996. 656 s. [in Russian].
- Lotman U.M. Yazyki kul'tury i problemy perevodimosti. M. : Nauka, 1987. 256 s. [in Russian].
- Masanov N.E. Kochevaya civilizaciya kazahov: osnovy zhiznedejatel'nosti nomadnogo obshhestva. A.: «Socinvest» - M.: «Gorizont», 1995. 320 s. [in Russian].
- Mashhur Zhusip Kopeiuly. Shygarmalary. 20 tomдық shygarmalar zhinagy. T.10. Pavlodar: JeKO, 2013. [in Kazakh].
- Mashhur Zhusip Kopejuly. Shygarmalary. 20 tomдық shygarmalar zhinagy. T.8. Pavlodar: JeKO, 2013. [in Kazakh].
- Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniju, sobrannye i razrabotannye ekspediciej po issledovaniju stepnyh oblastei. T. 1. Akmolinskaya oblast'. Kokchetavskij uезд. Voronezh, 1898. [in Russian].
- Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniju, sobrannye i razrabotannye ekspediciej po issledovaniju stepnyh oblastei. T. 4. Semipalatinskaya oblast'. Pavlodarskij uезд. Voronezh, 1903. [in Russian].
- Materialy po kirgizskomu zemlepol'zovaniju, sobrannye i razrabotannye ekspediciej po issledovaniju stepnyh oblastei. T. 6. Semipalatinskaya oblast'. Karkaralinskij uезд. SPb., 1905. [in Russian].
- Obshhina v Afrike: problemy tipologii. M.: «Nauka», 1978. 292 b. [in Russian].
- Pershic A.I. Problema tipologizacii obshhiny v dorevoljucionnoj russkoj i sovetskoj jetnografii // Ocherki istorii russkoj etnografii, fol'kloristiki i antropologii. Vyp. VIII. M.: Nauka, 1978. S 142-156. [in Russian].
- Rodovoe obshhestvo. Etnograficheskie materialy i issledovaniya. Moskva: Izdatel'stvo Akademii nauk SSSR, 1951. 254 s. [in Russian].
- Rumjancev P.P. Kirgizskij narod v proshlom i nastojashhem / sost. P.P. Rumjancev; Pereselench. upr. Gl. upr. zemleustroistva i zemledeliya. Sankt-Peterburg: Pereselench. upr. G.U.Z. i Z., 1910. 66 s. [in Russian].
- Shahmatov V.F. Kazahskaya pastbishhno-kochevaya obshhina (voprosy obrazovaniya evoljucii i razlozheniya). Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, 1964. [in Russian].
- Svod etnograficheskikh ponjatij i terminov. Vyp. 1. Social'no-jekonomicheskie otnosheniya i sacionormativnaya kul'tura. Moskva: «Nauka», 1986. 238 s. [in Russian].
- Tolybekov S.E. Kochevoe obshhestvo kazahov v XVII – nachale XX veka (Politiko-jekonomicheskij analiz). Alma-Ata: Nauka, 1971. 633 c. [in Russian].
- Vsemirnaya entsiklopediya. Filosofiya. M.: AST; Minsk: Kharvest, 2001. 1311 s. [in Russian].
- Zimanov S.Z. Obshhestvennyj stroj kazahov pervoj poloviny XIX veka. Alma-Ata: Izd-vo AN KazSSR, 1958. 296 s. [in Russian].